

БӨЛІМ: ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ / ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Тарихи-танымдық сайыс сабақ

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.01.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/32202/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ербол Холганат

Мақсаты: оқушылардың өз халқының тарихына деген қызығушылығын арттыру, өз білімдерін нақты практикада қолдана білуге үйрету.

Қатысушылар: 8 «А»- 8 «Ә» сыныптар (әр сыныптан 3 оқушыдан 6 оқушы)

Барысы:

Ұйымдастыру

I тур «Қанат қақты» (әр оқушыға 4 сұрақтан 12 сұрақ қойылады)

II тур «Самғау» (берілген торкөздерден тапсырмалар таңдайды)

III тур «Шарықтау» (берілген тірек сөздер арқылы торкөзден тапсырмалар таңдайды)

IV тур «Шырқау» (ұпайды жасырын тігеді, жауабын жасырын қояды)

I тур (әр оқушыға 4 сұрақтан 12 сұрақ қойылады, иә немесе жоқ деген жауаптары бар)

1 -ші оқушы

1) «Қарасиыр» деген жерде болған қанды шайқас тарихта «Аңырақай» деген атпен қалды?

(иә немесе жоқ)

2) паровозды ойлап тапқан ағылшындық Стефенсон?

(иә немесе жоқ)

3) Абылайханнан қалған ұрпақ 40 қыз, 30 ұл?

(иә немесе жоқ)

4) орфоэпия –«дұрыс жазамын» деген мағына?

(иә немесе жоқ)

2 оқушы

1) «Тұманды Альбион елі» деп Францияны атайды?

(иә немесе жоқ)

2) Жамбыл қаласының екінші атауы ? Тараз

(иә немесе жоқ)

3) Қазақтың соңғы ханы Жәңгірхан?

(иә немесе жоқ)

4) ҚР тәуелсіздігін алғаш таныған мемлекет Түркия?

(иә немесе жоқ)

3 оқушы

1) Астана Есіл өзені жағасында салынған?

(иә немесе жоқ)

2) Түркияның астанасы Стамбул?

(иә немесе жоқ)

3) Майкрасофт компаниясының негізін қалаушы Билл Гейтс саналады?

(иә немесе жоқ)

4) Футболдан биылғы жылғы ел біріншілігінің алтын жүлде иегері «Тобыл»?

(иә немесе жоқ)

II тур (берілген торкөздерден тапсырмалар таңдайды)

(500, 300, 100 ұпайлары)

Қазақтар жайлауға көшкенде мал мен көшті жанып тұрған екі оттың ортасынан

өткізген.Тек бір түлік от ортасынан өтпеген. Ол қай түлік?

-көмек Александр Македонский-Буцефал

-көмек билеушілермен қабірге бірге жерленген

(жауабы: жылқы, оны таза деп есептеген)

Неліктен сақтар соғысқа аттанарда семсерді жерге шаншып, үстіне қан мен сүт тамызған? Бұның мәнісі неде?

-көмек жақсы тілек тілеу

-көмек соғысқа кеткендердің жалғыз тілегі болады

(қанды қырғыннан аман-сау қалуды тілеу)

Бақсылардың зікір салып, ауру адамды айналып шығуы мен қазақтың баланы жақсы көріп, еркелетіп айтатын «айналайын» деген сөзінің арасында қандай байланыс бар?

-көмек «адамды айналма» жаман болады деген ырымға байланысты

-көмек адам бойындағы жаман қасиеттер туралы, ана мен бала арасындағы сезім

(Адамды айналып шығу, сол адамның бойындағы бар жамандықты, ауруды өз мойныма аламын деген сөз)

Қола дәуіріндегі адамдар есігінің босағасына қай үй жануарының сүйегін көмген?

-көмек Адамдардың алғаш қолға үйреткен жануары

-көмек 7 қазынаның бірі

(итті, себебі оны киелі деп санаған)

Геродот скифтердің ешбір қазансыз ет асып, сорпасын ішетінін жазған. Бұл мүмкін бе?

-көмек төрт түлік малдың өзіне қатысты болып отыр

-көмек асқорыту мүшелерінің бірі

(мүмкін. Қой мен жылқының етін өз қарнына салып, қамыстан бу шығатын түтік жасап, жерге көміп, үстіне от жағып пісірген)

Парсы саяхатшысы Гардизи: «Ертістен өтсең қимақтар еліне тап боласың. Оларда табын-табын мал. Бірақ түйе жоқ. Егер саудагер түйесін сол елге бір жылға қалдырып кетсе,түйесі өліп қалады», - деп жазады.Неге түйе өліп қалады?

-көмек күнделікті өмірде қолданылатын тағам

-көмек химиялық формула NaCl

(шөптерінде тұз жоқ)

III тур (берілген тірексөздер арқылы жауап береді)

(300, 200, 100 ұпайлары)

ҚАЗАҚТАР ЖЫЛ САНАУ ЖҰТ

Қазақтар мүшелік жыл санаудың бір жылында жұт болатынын байқаған. Ол қай жыл?

-көмек қысы қатты болатын жыл

-көмек жылдың мезгіліне байланысты түсін өзгертіп отыратын хайуан

(Қоян жылы)

ҚАЗАҚТАР ТӨРТ ТҮЛІК

Қазақтар төрт түлік малдың қайсысын тағаламады?

-көмек саудагерлер үшін үлкен қызмет атқарған

-көмек жылдан құр қалған жануар

(Түйе. Себебі, майтабан тағалауға келмейді)

ҚАЗАҚТАР ЖАЗ ТОРСЫҚ

Жазда көшпелі қазақтар торсықта су мен сүтті ұзақ сақтау үшін торсыққа не салған?

-көмек Менделеев таблицасында №47 қатарда тұрған элемент

-көмек II орын жүлдегерлеріне берілетін медаль

(күміс теңге)

ДЮМА ОРЫНБОР ҮЙ

Александр Дюма 19ғ ортасында Орынбор өлкесін аралап жүріп, бір үйді көргенде таңқалып, күнделігіне: «Бұл үй архитектураның биік шыңы», - деп жазыпты. Дюманы таңқалдырған қандай үй?

-көмек олардың 6,8,12 қанатты түрлері бар

— көмек бұл үйдің қабырғасы — кереге

(қазақтың киіз үйі)

IY түр (ұпайды жасырын тігеді, жауабын жасырын қояды)

1) Жасы жүзге келген бір қарт болыпты. Бүкіл өмір бойы ол өзінің туған күнін тек 25 рет қана атап өтіпті. Бұлай болу мүмкін бе?

(мүмкін, өйткені қарт 29 ақпанда туылған)

2) Математикалық тәуелділікті тауып жіберілген санды қойыңыз.

2 12 5

3 17 5

4 3 (жауабы 14 саны)

Тарихта болған көтерілістерді рет-ретімен қойыңдар?

1) Сырым Датұлы 1837-1847ж.ж

2) Исатай мен Махамбет 1773-1775ж.ж

3) Саржан Қасымұлы 1783-1797ж.ж

4) Емельян Пугачев 1825-1836ж.ж

5) Кенесары Қасымұлы 1836-1838ж.ж

Дұрысы

1) Емельян Пугачев 1773-1775ж.ж

2) Сырым Датұлы 1783-1797ж.ж

3) Саржан Қасымұлы 1825-1836ж.ж

4) Исатай мен Махамбет 1836-1838ж.ж

5) Кенесары Қасымұлы 1837-1847ж.ж

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimges.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.